

«Ай-зере» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Көкібел елді мекені

06.09. 2022 жыл

Ата-аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ № 1

Қатысқаны: 21

Қатыспағаны: 4

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. «Балабақшадағы күн тәртібі» тақырыбында топтарда ата-аналар жиналысы.
2. Жаңа келген ата-аналарды 2022 - 2023 оқу жылындағы мақсат- міндеттерімен таныстыру.
3. 2022-2023 оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.
4. Сауалнама өткізу.
5. Балалар ауруларын алдын ала ескерту жөнінде медбикенің баяндамасы.

Жиналыстың мақсаты: Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру.

Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; ата-ана бойына өздерін тәрбиеші ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша «Ай-зере» бөбекжай балабақшасының әдіскері сөз алды. Әдіскер Б.Султан топтағы ата-аналарды бір-бірімен және сонымен қатар топ тәрбиешілері Г.Кансейтовамен таныстырды. Келесі кезекте «Балабақшадағы күн тәртібімен» ата-аналарды таныстырды. 2022 жылғы күн тәртібінің тізімі төмендегідей.

Режимдік сәттер	Уақыты
1	2
Қабылдау, тексеріп - қабылдау, таңертенгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	07.30 - 08.30
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	08.30 - 09.30
Дербес әрекет, ҰІӨ дайындық	09.30 - 10.00
ҰІӨ	10.00 - 10.25
Серуенге дайындық, серуен	10.25 - 11.30
Серуеннен оралу	11.30 - 11.50
Түскі асқа дайындық, түскі ас	11.50 - 12.30
Ұйқыға дайындық, ұйқы	12.30 - 15.00
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.00 - 15.30
Бесін асы	15.30 - 16.00
Ойындар, дербес әрекет	16.00 - 16.25
Серуенге дайындық, серуен	16.25 - 17.30
Серуеннен оралу	17.30 - 17.50
Балалардың үйге қайтуы	17.50 - 18.00

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Қ.Алмаханова 2022 оқу жылының мақсат міндетімен таныстырды 2022 оқу жылының мақсат міндеті төмендегідей:

Мақсаты:

Балаларды салауатты өмір салтына баулу, Қазақстан халықтары мәдени салт дәстүрлері негізінде режимдік үдерістерді тиімді ұйымдастыру, мәдени гигиеналық дағдыларға баулу.

Шығармашылық бойынша балалардың шығарма мазмұнын меңгеріп, оларды дұрыс түсінуін қамтамасыз етіп, сауаттылыққа тәрбиелеу. (Көркем әдебиет)

Мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік эмоцияналдық ортасымен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мәдениетімен елестетуін дамыту. (Мүсіндеу)

Білім беру жүйесін жаңғырту адами капиталдың сапалы өсуінің ең басты бағыты (семинар)

Міндеттері:

Балалардың денсаулығын сақтап, нығайту және қозғалыс белсенділігін дамытып өз денсаулықтарына деген саналы көзқарасқа тәрбиелеу.

Балаларға қазақ және басқа да халықтардың ауыз әдебиеті мен балалар әдебиеті шығармаларына эмоционалдық ықыластығын дамытып шығарманың мағынасын түсініп әңгімелеуге тәрбиелеу.

Балаларды мүсіндеу іс әрекетіне қажетті негізгі техникалық дағдылармен іскерлікті меңгерту, мүсіндеуге қызуғышылығын қалыптастыру негізінде көркемдік талғамын жетілдіру.

Оқу тәрбие жұмыстарына қазірі заманғы әдістемелермен технологияларды жүйелі түрде қолдану

Күтілетін нәтиже:

Салауатты өмір салтының ережелерін саналы түрде сақтап, қозғалыс дағдыларын меңгерту

Балаларды әдеби шығармалардың мазмұнын эмоционалды, белсенді түрде сезініп, шығарма мазмұнын меңгеріп дұрыс түсінуін қамтамасыз ету.

Ересектермен балалардың біріккен әрекеттері арқылы заттарды және олардың бөліктерін бейнелеуде мүсіндеу тәсілдерін өзгерту және қолдануды қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде жаңа инновациялық технологияларды қолдану.

Үшінші мәселе бойынша «Балауса» тобының тәрбиешісі балалар тізімін таныстырып ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлауға шақырды. Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымы Алмасбек Даулеттің анасы Сейдалы Аида деп шешті.

Төртінші мәселе бойынша ата-аналарға арналған сауалнама жүргізілді.

Сізден төмендегі сұрақтарға жауап беруіңізді өтініміз:

1. Балаңыздың жасы _____

2. Сіз қалай ойласыз, балабақша

- ауыл ішінде белелді ме ☐
- балабақша туралы ешкім ештеңе айтпайды ☐
- жауап беруге киналамын ☐

3. Балабақшаның балаңызды тамақтандыру деңгейіне ризасыз ба?

ИӘ

ЖОҚ

(қажетінің астын сызыңыз)

4. Сіздің баланыз балабақшаға:

- барғысы келіп тұрады ☐
 - күштеп, көз жасын көлдетіп апарамыз ☐
 - өз ниетімен барғысы келетін кезі сирек ☐
5. Мен балам бақшадан: _____ деп ойлаймын
- жаңа білім, дағды мен іскерлікке үйренеді ☐
 - жана ешнәрседе алмайды ☐

- жауап беруге киналамын

6. Мен _____ көбірек көңіл бөлу керек деп есентеймін:

- баланың денсаулығын нығайтуға ☐

- оқыту мен тәрбиелеуге ☐

- имандылық – көркемдік тәрбиеге ☐ ☐

7. Топтағы педагогтардың жұмысына көңіліңіз тола ма?

ИӘ

ЖОҚ

(кажетінің астын сызыңыз)

Егер де жоқ болса, сізге не ұнамайтынын ашын жазыңыз:

Сіздің ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңыз:

Тәрбиешілер: Жаунабаева А.
Нурмуратова Р

Жауап бергеніңізге рахмет!

Бесінші мәселе бойынша Балалар ауруларын алдын алуды ескерту жөнінде «Айзере» балабақшасының медбикесі баяндама оқыды.

Жарыс сөзге шыққан ата-аналар Мамаева Гулзира баяндама мазмұнының дұрыс айтылғанын айтты.

Жедел респираторлық вирустық инфекциялар мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалар арасында жиі кездесетін аурулар болып табылады. Ата-аналар бұл инфекциялар туралы нақты түсінікке ие болуы керек, жұқтыру тәсілдерін білуі керек, баланы маусымдық аурулардан қорғау үшін алдын-алу жолдары туралы білуі керек.

Балалардағы маусымдық аурулар, себептері

Маусымдық ауруларға тұмау және ЖРВИ жатады. Олар вирустар мен бактериялардың әртүрлі штаммдарынан туындайды, олар бір бөлмеде ауру жұқтырған адамнан ауа арқылы жергілікті иммунитеті әлсіздеу сау адамның шырышты қабаттарына түсіп ағзаға енеді.

Маусымдық вирустар мен инфекцияларға шалдығу қаупі көбінесе суық мезгілде артады: күзде және қыста. Мұндай инфекциялар респираторлық деп аталады, өйткені олар тыныс алу органдарына әсер етеді. Күзде немесе қыста суық тию иммунитеті төмендеген немесе әлсіреген балаларда байқалады.

Балаларғы маусымдық аурулар тұрмыстық немесе ауа-тамшы жолымен беріледі.

Кез-келген ата-ана баласын аурудан қорғауға тырысады, сондықтан олар вирустық және жұқпалы аурулардың алдын-алудың тиімді әдістерін іздейді. Маусымдық аурулардан бірқатар қарапайым ұсыныстарды орындау арқылы қорғануға болады. Алдын алу шаралары аурудың маусымдық эпидемиялары кезінде ағзаның қорғанысын арттыруға бағытталған.

Суық тию жүретін күз және қыс мезгілінде вирусқа қарсы препараттарды профилактикалық қабылдаудан басқа, алдын-алу шараларына жатады:

Тендестірілген тамақтану. Күшті иммунитет ағзаға қажетті микро және макроэлементтер, дәрумендер жеткілікті болған жағдайда қалыптасады. Олар ағзаға тамақпен кіреді, сондықтан баланың диетасы тендестірілген ғана емес, сонымен қатар әртүрлі болуы керек.

Мультивитаминді кешендерді қосымша қабылдау. Тұмау эпидемиясы кезінде, маусымдық аурулардан қорғау үшін баланың иммунитетін күшейтетін арнайы препараттарды қабылдауға болады. Иммундық реакцияны жоғарылатудың тәсілі-Доромарин қабылдау.

Доромарин-бұл табиғи компоненттерден тұратын витаминдік кешен. Препарат аллергиялық реакцияларды тудырмайды, сондықтан балаларға жарамды. Доромарин жұқпалы және вирустық ауруларға төзімділікті арттырып қана қоймайды, сонымен қатар есте сақтау қабілетін жақсартады, тәбетті қалыпқа келтіреді, ағзадағы дәрумендердің, микро және макроэлементтердің жетіспеушілігін толтырады.

Физикалық жаттығулар. Жеткілікті физикалық белсенділікпен күшті иммунитет қалыптасады. Бала белсенді болуы керек, жаттығулар жасап, белсенді ойындар мен спортқа уақыт бөлуі керек.

Таза ауада үнемі серуендеу. Күнделікті таза ауада болу ересектер мен балалардың ағзасы үшін пайдалы. Балалар күн сайын серуендеуі керек. Таза ауа шырышты қабықтарға пайдалы әсер етеді, жергілікті иммунитетті арттырады, маусымдық инфекциялармен ауыру қаупі азаяды.

Уақтылы вакцинация. Вакцинация организмде вирусқа қарсы антиденелер пайда болуы үшін қажет. Вакцинациядан кейін тұмауға шалдығу қаупі бірнеше есе азаяды, ал инфекция болған жағдайда ауру жеңіл түрде жүреді және асқыну қаупі жоқ.

Жеке гигиена ережелерін сақтау. Баланы дәретханадан және серуеннен кейін әрдайым қолдарын жууға үйрету керек. Көшеде лас қолдармен мұрын, көз немесе ауызды ұстауға болмайды.

Күндізгі режимді сақтау, толыққанды түнгі ұйқы. Күн тәртібін қалыптастыру-ата-ананың міндеті. Баланы әрқашан бір уақытта ұйықтауға үйрету маңызды. Бұл жағдайда ол түнде жақсы ұйықтайды, бұл өз кезегінде иммунитетке және дененің жалпы жағдайына пайдалы әсер етеді.

Үйде қолайлы микроклиматты сақтау. Қыс мезгілінде пәтерлер мен үйлердегі жылыту жүйесінен ауа құрғақ болады. Бала негізгі уақытын өткізетін бөлмеде оңтайлы температура мен ылғалдылық сақталса, иммунитет жақсы жұмыс істеп, вирустар мен басқа инфекциялармен күреседі. Ауа ылғалды болуы керек, ал температура 22 градустан аспауы керек. Бөлмені күн сайын желдету керек. Бұл жағдайда шырышты қабаттар кеуіп кетпейді және жергілікті иммунитет ағзаны инфекциядан толықтай қорғайды.

Алдын алудың бұл әдістері баланың иммунитетін жақсартуға көмектеседі. Алайда, ауру жұқтыру қаупін толығымен жою мүмкін емес.

Егер өз отбасыңызда тұмау мен ЖРВИ жайлы сирек еске алғыңыз келсе, алдын-алу ережелерін ұстаныңыз, балаға қолды жиі жууға, жиі серуендеуге, дұрыс тамақтануға үйретіңіз. Сондай - ақ, алдын-алудың қосымша әдісі туралы ұмытпаңыз-иммунитетті арттыратын және организмді дәрумендермен қамтамасыз ететін Доромарин сияқты дәрумендік кешенді қолданыңыз.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ: Белгіленіп, бекітілген балабақшаның күн тәртібіне сәйкес тәрбиеленушілерді кешіктірмей әкелу. Балабақшаның тәртіп ережесіне сай таза, ұқыпты киіндіріп, жеке басының гигиена талаптарын сақтау.


2. 2022 - 2023 оқу жылындағы мақсат- міндеттері бойынша жұмыс жүргізілілсін!

3. Балабақша медбикесі «Балалар ауруының алдын алу» тақырыбында өз баяндамасына тоқталып өтті.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі ата-аналардың арасынан жалпы балабақша төрайымын сайлауға атсалысты

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Топтағы ата-аналардың келісімімен бір ауыздан ата-аналар комитетінің төрайымы Сейдалы Аида сайлансын.

Балалардың денсаулығын нығайтуға, медбикенің берген кеңесін тыңдауға

Ата-аналар жиналысының төрайымы:  Сейдалы А.И

Хатшы:  Султан Б.А

